«ESIL UNIVERSITY» МЕКЕМЕСІ

«Менеджмент» кафедрасы

Бекітемін
Ғылыми Кеңес Төрағасы,
э. ғ. д., профессор
_____А.А. Таубаев
«05» _____2025ж.

6В04102 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы
6В041 «Бизнес және басқару» бағыты бойынша

ТӨЛҚҰЖАТЫ

Астана 2025

ББ атауы	Мемлекеттік және жергілікті басқару
Білім беру саласының коды және жіктелуі	6B04 Бизнес, басқару және құқық
Дайындық бағытының коды мен жіктелуі	6B041 Бизнес және басқару
ББ мақсаты	Мемлекеттік және жергілікті басқару органдары үшін, сондай-ақ мемлекеттік, қоғамдық және коммерциялық емес ұйымдарда жұмыс істеу үшін қазіргі заманғы еңбек нарығының бәсекеге қабілетті мамандарын сапалы даярлауды қамтамасыз ету.
НРК, ОРК, МСКО бойынша деңгейі	6
Кәсіби қызмет саласы	Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар өкілеттіктерінің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет лауазымдарындағы, мемлекеттік ұйымдар мен мекемелердегі лауазымдардағы, мемлекеттік кәсіпорындарда, мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы ғылыми-зерттеу және білім беру ұйымдарында, саяси партияларда, қоғамдық-саяси және коммерциялық емес ұйымдарда әкімшілік лауазымдардағы кәсіби қызметтік қызметі.
ББ айырықша ерекшеліктері	1. Түлектерді жұмысқа орналастырудың жоғары пайызы (88%) 2. Дипломға Еуропалық қосымшаны алу мүмкіндігі 3. EU Business School (Швейцария), Kangnam University (Оңтүстік Корея) 4. Қазақстанның, сондай-ақ жақын және алыс шетелдердің ЖОО-да академиялық ұтқырлық және тағылымдамадан өту 5. Практиканың барлық түрлерінен өту үшін қаланың, облыстың және Республиканың мемлекеттік билік органдарымен, бизнес - құрылымдарымен және қоғамдық ұйымдарымен шарттардың болуы 6. "Eurasian Expert Council" ҚҚ, "Астана қаласының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" ММ, "Q-Promo" ЖШС, "ZIAT" ҒӘО» 7. Мемлекеттік қызметте, оның ішінде басшылық лауазымдарда практикалық тәжірибесі бар, марапаттары мен құрметті атақтары бар жоғары білікті ПОҚ

Кәсіби қызмет объектісі	· Орталық мемлекеттік органдар; · Жергілікті мемлекеттік органдар; · Жергілікті өзін-өзі басқару органдары; · Мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар және бюджеттік ұйымдар; · Азаматтық қоғам институттары; · Қоғамдық ұйымдар; · Коммерциялық емес ұйымдар; · Мхалықаралық ұйымдар және халықаралық басқару органдары; · ғылыми-зерттеу және білім беру ұйымдары мен мекемелер
Оқыту нәтижесі	Осы бағдарламаның түлектері көрсете алады: **ON1** Өз елінің патриоты ретінде саяси және әлеуметтік философиялық ұстанымды және ұлттық мәдени құндылықтарды сақтай отырып, құқық салаларында және мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиялар жүйесі туралы білімін кеңейте келе сыни тұрғыдан ойлау қабілетін көрсете білу; **ON2** Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді шешудің оңтайлы жолдарын ұсынуда, жасыл экономиканы дамытуда инновациялық заманауи технологияларды қолданда білу; **ON3** Ұлттық экономиканы тиімді басқару мақсатында шаруашылық субъектілердің түрлі деңгейлерінде қаржы ресурстарын зерттеу, қалыптастыру, болжау үшін экономикалық-математикалық, бухгалтерлік әдістерін қолдана білу; **ON4** Тәжірибеде тиімді басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде, кәсіпкерліктің маркетингтік қызметінің тиімділігін бағалауда өз дағдыларын интерпретациялай білу; **ON5** Кәсіби іс-әрекет пен салада барабар кәсіби қарым-қатынас жасауға дағдылану, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ресми-іскерлік стиль нормаларын меңгеру, белсенді іскерлік лексика мен терминологияны меңгеру, әртүрлі коммуникативтік және бизнес салаларында және қарым-қатынас жағдайларында ауызша сөйлеуді және жазбаша жазуды меңгеру; **ON6** Заманауи технологияларда жұмыс істеу және кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияларды пайдалану дағдыларын меңгере отырып, қазіргі заманғы ақпараттық ағымдарға бағдарлана білу және әлемдік экономикадағы серпінді өзгеретін құбылыстар мен процестерге бейімделе білу;

	ON7 Белгісіздік және тәуекел жағдайында экономикалық және ұйымдастырушылық шешімдер қабылдау дағдыларына ие болу және кәсіби қызметпен байланысты әртүрлі жағдайларда икемді және ұтқыр болу; **ON8** Персоналмен жұмыс істеудің қолжетімді технологиялары мен әдістерін қолдана отырып, басқарушылық міндеттерді шешу кезінде ынталандыру теориясының негіздерін пайдалана білу; **ON9** Кәсіби қызметтің басымдықтарын анықтай келе, басқарушылық шешімдерді тиімді орындай отырып оны іске асыру кезінде реттеуші әсер етудің барабар құралдары мен тетіктерін қолдана білу; **ON10** Мәліметтер базасын құру үшін ақпаратты жалпылау және жүйелеу, басқару жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын меңгере келе, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы және билік органдарының қызметі бойынша ақпараттық және әдістемелік материалдар дайындау және кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана білу; **ON11** Кәсіби қызметте «кері байланыс» алу кезінде шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратты анықтауды үйрену және Қазақстанның мемлекеттік билік органдарының бизнеспен және азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастығы үшін негіз таба білу.
Оқыту нысаны	Күндізгі
Оқу мерзімі	4 жыл
Оқыту тілі	Қазақ, орыс, ағылшын
Кредит көлемі	Кемінде 240 кредит
Берілетін академиялық дәреже	"Мемлекеттік және жергілікті басқару" ББ бойынша бизнес және басқару бакалавры
Әзірлеуге жауапты құрылымдық бөлімше	«Менеджмент» кафедрасы
Кәсіби стандарт	1 Кадрлық әкімшілендіру 2 Инновациялық жоба тәуекелдерін басқару 3 Мемлекеттік жастар саясаты аясындағы қызмет
Осы бағдарлама бойынша оқыту үшін алдыңғы білім деңгейі	Орташа (Толық) Білім, техникалық және кәсіптік білім, жоғары білім
Аккредиттеу/ББ лицензиясының болуы	«Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі» лицензиясы 2019-2026жж. №KZ08LAA00001225
Ғылыми кеңесте ББ бекітілген күні	2025ж.

2. ҚҰЗЫРЕТТІЛІК КАРТАСЫ

Тұжырымдамасы құзыреті	Код	Құзыреттер	Құзыреттілікті қалыптастыратын білім беру бағдарламасының элементтері
1 Жалпы білім, кең ой-өрісінің болуы, эмоциялық интеллект	ЖК 1	Өз елінің патриоты ретінде саяси және әлеуметтік философиялық ұстанымды және ұлттық мәдени құндылықтарды сақтай отырып, құқық салаларында және мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиялар жүйесі туралы білімін кеңейте келе сыни тұрғыдан ойлау қабілетін көрсете білу;	Қазақстанның қазіргі тарихы, Саясаттану, Әлеуметтану, Мәдениеттану, Философия, Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, ҚР Азаматтық құқығы.
	ЖК 2	Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді шешудің оңтайлы жолдарын ұсынуда, жасыл экономиканы дамытуда инновациялық заманауи технологияларды қолданда білу;	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылш .яз.), Экология және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі, Экология және жасыл экономика, Research Paper.
2. Әлеуметтік-этикалық құзыреттер	ЖК 3	Ұлттық экономиканы тиімді басқару мақсатында шаруашылық субъектілердің түрлі деңгейлерінде қаржы ресурстарын зерттеу, қалыптастыру, болжау үшін экономикалық-математикалық, бухгалтерлік әдістерін қолдана білу;	Экономикалық теория, Экономикадағы математика, Микроэкономика, Макроэкономика, Бухгалтерлік есеп, қаржы, Оқу тәжірибесі, Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау, Ғылыми семинар, Comprehensive exam preparation
3. Экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық құзыреттер	БК 1	Тәжірибеде тиімді басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде, кәсіпкерліктің маркетингтік қызметінің тиімділігін бағалауда өз дағдыларын интерпретациялай білу;	Менеджмент, Маркетинг, Кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық негіздері, Жасанды интеллект негіздері, Оқу тәжірибесі, Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау, Ғылыми семинар.
	БК 2	Кәсіби іс-әрекет пен салада барабар кәсіби қарым-қатынас жасауға дағдылану, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ресми-іскерлік стиль нормаларын меңгеру, белсенді іскерлік лексика мен терминологияны меңгеру, әртүрлі коммуникативтік және бизнес салаларында және қарым-қатынас жағдайларында ауызша сөйлеуді және жазбаша жазуды меңгеру;	Шетел тілі, қазақ (орыс) тілі, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Мемлекеттік қызметшілер үшін қазақ тілі, Академиялық хат, Іскерлік ағылшын тілі, Бизнес ағылшын тілі, Академиялық ағылшын тілі, Оқу тәжірибесі, Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау, Ғылыми семинар.
	БК 3	Заманауи технологияларда жұмыс істеу және кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияларды пайдалану дағдыларын меңгере отырып, қазіргі заманғы ақпараттық ағымдарға бағдарлана білу және әлемдік экономикадағы серпінді өзгеретін құбылыстар мен процестерге бейімделе білу;	Шетел тілі, қазақ (орыс) тілі, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Экономикадағы математика, Микроэкономика, Макроэкономика, Мемлекеттік қызметтерді ұсыну негіздері, Мемлекеттік қызметте іс жүргізу, Әлеуметтік кәсіпкерлік, Академиялық ағылшын тілі, бағдарламаларды басқару, Start-up әзірлеу, Жобаларды басқару, Оқу тәжірибесі, Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау.

4. Өзгерістер мен белгісіздіктердің өсу серпінділігі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдерді, географиялық және әлеуметтік ұтқырлықты ауыстырудың дайындығы	БК 4	Белгісіздік және тәуекел жағдайында экономикалық және ұйымдастырушылық шешімдер қабылдау дағдыларына ие болу және кәсіби қызметпен байланысты әртүрлі жағдайларда икемді және ұтқыр болу;	Әлеуметтану, Психология, Мәдениеттану, Дағдарысқа қарсы басқару, Тәуекелдерді басқару, Инновациялық процестерді басқару, Инвестицияларды басқару, Аймақтық экономика және басқару, Аумақты дамытуды басқару, Мемлекеттік сектордағы менеджмент, Экономиканы индустрияландыру негіздері, Ұйым персоналын басқару, Басқарушылық шешімдерді әзірлеу және қабылдау, Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру, Мемлекеттік қызмет органдарындағы кадр саясаты, Әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеу, Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін басқару, Стратегиялық жоспарлау және болжау, Мемлекетті стратегиялық басқару, Мемлекеттік менеджмент, Бағдарламаларды басқару, Жобаларды басқару, Оқу тәжірибесі, Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау.
	ПК 1	Персоналмен жұмыс істеудің қолжетімді технологиялары мен әдістерін қолдана отырып, басқарушылық міндеттерді шешу кезінде ынталандыру теориясының негіздерін пайдалана білу;	Менеджмент, Ұйым персоналын басқару, басқарушылық шешімдерді әзірлеу және қабылдау, мемлекеттік қызметті ұйымдастыру, мемлекеттік қызмет органдарындағы кадр саясаты, Сити менеджмент, Оқу тәжірибесі, Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау.
5. Кәсіби құзыреттер	ПК 2	Кәсіби қызметтің басымдықтарын анықтай келе, басқарушылық шешімдерді тиімді орындай отырып оны іске асыру кезінде реттеуші әсер етудің барабар құралдары мен тетіктерін қолдана білу;	Психология, Мемлекеттік басқару теориясы, экономиканы мемлекеттік реттеу, Дағдарысқа қарсы басқару, Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу, Жастардың жұмыспен қамтылуын мемлекеттік реттеу, Инновациялық процестерді басқару, Инвестицияларды басқару, Аймақтық экономика және басқару, Аумақты дамытуды басқару, Басқарушылық шешімдерді әзірлеу және қабылдау, Мемлекеттік бюджет, Жергілікті басқарудың экономикалық негіздері, Әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеу, Әлеуметтік кәсіпкерлік, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін басқару, Стратегиялық жоспарлау және болжау, Мемлекетті стратегиялық басқару, Мемлекеттік менеджмент, жергілікті басқару және өзін-өзі басқару, Бағдарламаларды басқару, Жобаларды басқару, Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі, Сити менеджмент, Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны)

			орындау, ғылыми семинар.
	ПК 3	Мәліметтер базасын құру үшін ақпаратты жалпылау және жүйелеу, басқару жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарын меңгере келе, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы және билік органдарының қызметі бойынша ақпараттық және әдістемелік материалдар дайындау және кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана білу;	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Экономиканы мемлекеттік реттеу, Дағдарысқа қарсы басқару, Тәуекелдерді басқару, Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу, Жастардың жұмыспен қамтылуын мемлекеттік реттеу, Аймақтық экономика және басқару, Аумақты дамытуды басқару, Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру, Мемлекеттік қызмет органдарындағы кадр саясаты, Мемлекет және бизнес, Стратегиялық жоспарлау және болжау, Мемлекетті стратегиялық басқару, Мемлекеттік менеджмент, Жергілікті басқару және өзін-өзі басқару, Бағдарламаларды басқару, Жобаларды басқару, Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі, Сити менеджмент, Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау, ғылыми семинар.
	ПК 4	Кәсіби қызметте «кері байланыс» алу кезінде шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратты анықтауды үйрену және Қазақстанның мемлекеттік билік органдарының бизнеспен және азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастығы үшін негіз таба білу.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Сыни ойлау, Мемлекеттік басқару теориясы, Дағдарысқа қарсы басқару, Тәуекелдерді басқару, Кәсіби қазақ (орыс) тілі, Қаржы, Іскерлік ағылшын тілі, Бизнес ағылшын тілі, Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу, Жастардың жұмыспен қамтылуын мемлекеттік реттеу, Инновациялық процестерді басқару, Инвестицияларды басқару, ҚР Конституциялық құқығы, ҚР Азаматтық құқығы, Мемлекеттік бюджетті басқару, Жергілікті басқарудың экономикалық негіздері, Әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеу, Әлеуметтік кәсіпкерлік, Академиялық ағылшын тілі, Мемлекет және бизнес, Жергілікті басқару және өзін-өзі басқару, Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі, Дипломдық жұмысты (жобаны) орындау, ғылыми семинар, Comprehensive exam preparation
Ескерту:	ЖҚ	Жалпы білім беру құзыреті	
	БҚ	Базалық құзыреттер	
	ПҚ	Кәсіби құзыреттер	

3 ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МАТРИЦАСЫ
«Мемлекеттік және жергілікті басқару» білімберу бағдарламасы
6В041 «Бизнес және басқару» бағыты бойынша

№	Пәндер атауы (D)	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтар)										
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10	ON11
Жалпы білім беретін пәндер циклі ЖОО компоненті / таңдау компоненті														
1	Экология және тіршілік қауіпсіздігі	Пәнді игеру экология мен экологиялық қауіпсіздіктің теориялық негіздерін, экологиялық білім мен жасыл экономиканың негізгі сегменттерінің сипаттамасын тереңдете оқытуды; экологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету құралдарымен танысуды; Жасыл экономика принциптерін қолдану саласында тәжірибелік дағдыларды жасауды; тіршілік әрекетінің қауіпсіз және жайлы жағдайларын жасау үшін қажетті практикалық дағдыларды меңгеруді көздейді.	5								v			
2	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Пәннің мақсаты білім алушылардың құқық туралы бастапқы білім алуы, оған оң көзқарас қалыптастыру, құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігін сезіну, сондай-ақ қоғамдық қатынастардың барлық салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың практикалық және теориялық мәселелерін зерделеу болып табылады.		v	v									
Базалық пәндер циклі ЖОО компоненті														

3	Экономикалық теория	Экономикалық теория пәні және зерттеу әдістері. Қоғамдық өндіріс негіздері. Меншік және экономикалық жүйелер. Қоғамдық шаруашылық түрлері. Тауар және ақша. Нарық және бәсекелестік. Нарықтық жүйенің жұмыс істеу механизмі. Фирманың және кәсіпкерліктің теориясы. Өндіріс, фирманың шығындары мен табысы. Өндіріс факторларының нарығы және кірістерді бөлу. Ұлттық экономика: мазмұны, құрылымы және нәтижелерді өлшеу. Экономикалық өсу және нарықтық экономиканың тұрақсыздығы. Әлемдік экономиканың қызмет етуінің экономикалық негіздері. Ұлттық экономикадағы қаржы және ақша-несие жүйесі. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу және тұрақты дамыту. Инфляция мен жұмыссыздық-экономикалық тұрақсыздық көріністері.	3										v	
4	Экономикадағы Математика	Пәнді оқу студенттерді теориялық және практикалық есептерді шешуге қажетті математикалық аппараттың негіздерімен таныстыруды, студенттерге математика және оның қосымшалары бойынша оқу әдебиетін өз бетінше үйренуді, логикалық ойлауды дамытуды және математикалық мәдениеттің жалпы деңгейін арттыруды, қолданбалы мәселелерді математикалық зерттеу дағдыларын және есептерді математикалық тілге аудара білуді үйретуді мақсат етеді.	5									v	v	
5	Микроэкономика	Пән фирма, жеке тұтынушы, тауарлар мен ресурстар нарығы сияқты экономиканың "шағын" субъектілерінің мәселелерін зерттейді. Теориялық ғылым оңтайландыру және тепе - теңдік нарықтық модельдерін қолдану арқылы "шығындар - пайда" тұрғысынан экономикалық ойлауды қалыптастырады.	3									v	v	
6	Макроэкономика	Макроэкономика-негізгі теориялық пән, жалпы экономиканың принциптері, заңдылықтары, негізгі макроэкономикалық модельдер, жұмыспен қамтуға, өндіруге, бағалар мен пайыздық мөлшерлемелерге фискалдық, монетарлық және валюталық саясат құралдары әрекеттерінің салдары туралы түсінік беру, бұл	5									v	v	

		экономикалық саясаттың нәтижелілігін талдау және объективті бағалау дағдыларын қалыптастырады												
7	Менеджмент	Менеджментке кіріспе. Менеджмент эволюциясы. Ұйым объект және басқару субъектісі ретінде. Этика және әлеуметтік жауапкершілік. Коммуникация және басқару қызметі. Менеджменттегі басқарушылық шешімдер. Менеджменттегі стратегиялық және тактикалық жоспарлау. Ұйымдастыру басқару функциясы ретінде. Мотивация басқару функциясы ретінде. Менеджмент жүйесіндегі бақылау.	5			v				v				
8	Маркетинг	Маркетингтің теориялық негіздері мен концепциясы. Маркетингтік зерттеулер. Маркетингтік орта. Тұтынушылардың тауар нарықтарындағы мінез-құлқы. Нарықты сегменттеу. Маркетинг жүйесіндегі тауар. Маркетингтегі тауар саясаты. Маркетингтегі баға саясаты. Маркетингтегі өткізу саясаты. Маркетингтегі коммуникациялық саясат. Маркетинг жүйесіндегі жарнама. Маркетингті жоспарлау және бақылау. Маркетингтегі Стратегиялық жоспарлау. Халықаралық маркетинг. Қызмет және коммерциялық емес қызмет маркетингі.	5							v				
9	Мемлекеттік қызметшілер үшін қазақ тілі	Пән білім алушыларда кәсіби қарым-қатынас кезінде коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін жеткілікті кәсіби қызметте қазақ тілін терең білуді қалыптастыруға; кәсіби қызметті табысты жүзеге асыру үшін қажетті тілдік, сөйлеу, пәндік құзыреттіліктерді жетілдіруге; кәсіби бағдарланған міндеттерді орындау кезінде қазақ тілінде іскерлік хат алмасуды өз бетінше жүргізу дағдыларын, дағдылары мен құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.	3		v				v					
10	Жасанды интеллект негіздері	Бағдарламаның мақсаты теориялық білім мен дағдыларды теориялық білімді ұсыну және бағдарламалық құралдар мен жасанды	3				v					v		

		интеллект әдістерін практикалық қолдану саласында қолдану саласындағы құзыреттер кешенін қалыптастыру, Әртүрлі мақсаттағы интеллектуалды жүйелерді құру теориясы мен практикасының қазіргі жағдайы туралы тұтас идеяны қалыптастыру болып табылады.												
11	Академиялық хат	Пәннің негізгі мақсаты тиімді академиялық жазу үшін қажетті сыни ойлаудың жазбаша дағдылары мен дағдыларын меңгеру және күшейту болып табылады.	3						v					
12	Community Service Learning	Курс қоғамға қызмет етуді қоғамдық игілікті дамытуға ерікті үлес қосу нысаны ретінде түсінуді дамытуға бағытталған және студенттерге әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары деңгейін үйретеді. Курс еріктілік, краудсорсинг, краудфандинг, фандрайзинг, ұжымдық даналық сияқты әлеуметтік тәжірибелерді жүзеге асыру дағдыларын қалыптастырады. Студенттер коммерциялық қызметтерді өздерінің кәсіби құзыреттерін дамыту үшін өтеусіз көрсететін практикалар көзделген (заң, маркетингтік, экономикалық консалтинг, копирайтинг және т. б.)	3		v				v						
13	Бухгалтерлік есеп	Бухгалтерлік есептің концепциялары, стандарттары және принциптері. Қос жазбаны іске асыру принципі. Кәсіпорынның есеп саясаты. Ақша қаражаты мен олардың баламаларын есепке алу. Қорларды және дайын өнімді есепке алу. Дебиторлық берешекті есепке алу. Негізгі құралдарды есепке алу. Материалдық емес активтерді және олардың амортизациясын есепке алу. Инвестицияларды есепке алу. Капитал есебі. Міндеттемелерді есепке алу. Кірістер мен шығыстарды тану және қаржылық нәтижелерді есепке алу. Қаржылық есептілікті ұсыну.	5										v	
14	Қаржы	Пәннің мақсаты - білім алушылардың қаржылық категорияларды, ұғымдарды, терминдерді, олардың жіктелуін меңгеруде теориялық және практикалық дайындығын, әлеуметтік-экономикалық үрдістердегі маңызы мен орнын	5					v					v	

		зерделенеді.												
18	Экономиканы мемлекеттік реттеу	Пән ел экономикасының жұмыс істеуінің теориялық негіздері мен практикалық аспектілерін, әлеуметтік-экономикалық даму процестеріне мемлекеттік ықпал ету нысандары мен әдістерін зерделеу, экономика салаларын мемлекеттік реттеудің тиімділігі мен сапасын арттыру жолдарын анықтау мақсатында зерделенеді.	4				v							v
Базалық пәндер циклі Таңдау бойынша Компонент														
19	Дағдарысқа қарсы басқару	Дағдарыстық жағдайларды мемлекеттік реттеу. Дағдарысқа қарсы басқарудың негізгі белгілері. Басқару үрдісіндегі кризистерді диагностикалау. Дағдарысқа қарсы менеджменттегі тәуекелдер. Дағдарыстық жағдайларда персоналды басқару. Дағдарысқа қарсы маркетинг. Банкроттықтың алдын алу тәртібін құқықтық реттеу негіздері. Банкроттықты болжаудың шетелдік тәжірибесі. Дағдарысқа қарсы басқарудағы инновациялар.	4				v	v						v
	Тәуекелдерді басқару	Пәннің мақсаты-тәуекелдердің пайда болу тұжырымдамасын, табиғаты мен заңдылықтарын, анықтау әдістерін, кәсіпорынның экономикалық тәуекелдерін, бағалау әдістерін, сондай-ақ экономикалық тәуекелдерді басқару және азайту әдістерін, сонымен қатар жоба тәуекелдерін модельдеуді зерттеу.					v	v						
20	Аймақтық экономика және басқару	Аймақ ғылыми білімнің пәні ретінде. Аймақтық экономиканы қалыптастырудың теориялық негіздері. Аймақ шаруашылық және басқару объектісі ретінде. Аймақтың экономикалық әлеуеті және оны бағалау. Аймақтардың экономикасын дамытуды реттеудің ұйымдық-құқықтық негіздері. Өңірлерді дамытуды мемлекеттік реттеудің қажеттілігі мен мәні. Аймақтық саясат: мәні және негізгі бағыттары. Аймақтық бюджет-салық жүйесі. Өңірлер	5				v	v						v

		экономикасының дамуын жоспарлау және болжау. Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін бағалау. Өңірлік дамуды мемлекеттік реттеудің әлемдік тәжірибесі.												
	Аумақты дамытуды басқару	Аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы стратегиялық өзгерістерді басқарудың мәні мен маңызы. Аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы стратегиялық өзгерістерді басқару тетігінің ерекшелігі. Аумақтық әлеуметтік-экономикалық жүйенің бейімделу қабілетін бағалау. Стратегиялық өзгерістерді басқару тетігі негізінде аумақтың дамуын трансформациялау векторы. Өзгерістерді басқару процесі. Аумақтық білім беру мысалында стратегиялық өзгерістерді басқару	5				v	v						v
21	Бизнес ағылшын тілі	Пәнді оқу білім алушыларға халықаралық-стандартты жалпы ғылыми және ғылыми-Кәсіби қамтамасыз ету деңгейіне жетуге мүмкіндік береді. Жұмыстың негізгі бағыттары коммуникативтік, іскерлік өрістік біліктерді одан әрі жетілдіру; әртүрлі коммуникативтік және іскерлік салаларда және қарым-қатынас жағдайларында ауызша және жазбаша сөйлеуді шығармашылық меңгеруді дамыту болып табылады.	5	v					v					
22	Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу	Кәсіпкерлік құқық ұғымы, пәні, әдісі, көздері. Кәсіпкердің құқықтық мәртебесі. Кәсіпкерлік қызметтің ұйымдық-құқықтық нысандары. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік бақылау. Кәсіпкерлік қызмет саласындағы шарттардың негізгі түрлері. Кәсіпкерлердің жауапкершілігі.	5	v			v							v
	Жастардың жұмыспен қамтылуын мемлекеттік реттеу	Еңбек нарығының түсінігі және мәні. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық ерекшеліктері. Жастардың негізгі сипаттамалары. Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығындағы жастардың жағдайы. Жастардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету бойынша өңірлік		v			v							v

		жұмыспен қамту органдарының жұмысы. Жастарды әлеуметтік қолдау және жұмыспен қамту. Жастарды жұмыспен қамту бойынша Мемлекеттік қызметтің жұмысын жақсарту жолдары. Жастарды әлеуметтік қолдауды жетілдіру. Жастардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуде мемлекеттік саясатты жетілдіру элементтері.												
23	Инновациялық процестерді басқару	Инновациялық процестерді басқару теориясы. Инновация басқару объектісі ретінде. Инновациялардың бағдарламалары мен жобаларын әзірлеу. Инновациялық менеджмент формасындағы жаңалықтарды басқару. Инновациялық стратегиялар және оларды әзірлеу тәртібі. Инвестициялар және инновациялар. Ұйымдастыру инновациялары және оларды басқару процестері.	5										v	v
	Инвестицияларды басқару	Инвестициялық стратегияның мәні және оны әзірлеу қажеттілігі. Инвестицияларды белгілері бойынша жіктеудің экономикалық негізі. Инвестициялық процесті басқару ерекшеліктері және Қазақстан Республикасының инвестициялық нарығының құрамы. Инвестициялық стратегияны қалыптастыру процесінің принциптері мен негізгі кезеңдері. Инвестициялық ресурстарды оңтайлы пайдаланудың салалық стратегиясы. Инвестициялық ресурстардың өңірлік құрылымын оңтайландыру стратегиясы. Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау. Шетелдік инвестицияларды тартудың принциптері, нысандары және негізгі бағыттары. Кәсіпорынның дамуындағы инвестициялық стратегияның рөлі, оны әзірлеудің принциптері мен дәйектілігі. Инвестициялық қызметтің стратегиялық бағыттары мен нысандарын әзірлеу.											v	v

24	Ұйымның персоналды басқару	Персонал менеджменті және оның персонал қызметін басқарудағы рөлі. Ұйымдағы кадр қызметінің рөлі және ұйымның кадр саясаты. Кадрларды қабылдау, іріктеу, қабылдау және босату. Кәсіби бағдар және персоналды еңбекке бейімдеу. Қызметкерлердің еңбек нәтижелілігін бағалау. Персоналды оқыту. Ұйымдағы мансапты жоспарлау және дамыту. Кадр резервін басқару. Персоналдың еңбек қызметін ынталандыру және ынталандыру. Жүйесі өтемақы. Персоналды жаңалықтарға дайындау. Жанжал даму құралы ретінде. Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау.	5			v								
	Басқарушылық шешімдерді әзірлеу және қабылдау	Шешімдер ғылыми зерттеу пәні ретінде басқарушылық шешімдер мен басқару міндеттерінің типологиясы. Шешім қабылдайтын тұлғаның сипаттамасы. Тиімді шешімдер қабылдаудың шарттары мен факторлары. Белгісіздік және тәуекел жағдайында шешімдер қабылдау. Басқару шешімін әзірлеу кезінде болжау технологиясын пайдалану. Басқару шешімдерін модельдеу. Басқарушылық шешімдерді қабылдаудың сандық әдістері. Басқарушылық есептерді креативті әдістермен шешу.				v		v						v
25	ҚР Конституциялық құқығы	ҚР Конституциялық құқығы: түсінігі, пәні, әдістері. Қазақстан Республикасының Конституциясы-мемлекет пен қоғамның негізгі заңы. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс негіздері. Қазақстан Республикасындағы адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің негіздері. Қазақстан Республикасында қоғамдық бірлестіктерді ұйымдастыру мен қызметінің конституциялық негіздері. Қазақстан Республикасының сайлау құқығы және сайлау жүйелері. Республикалық референдум. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының конституциялық жүйесі. Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық-құқықтық мәртебесі. Қазақстан Республикасы Парламентінің конституциялық-	4	v	v									

		құқықтық мәртебесі. Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының конституциялық-құқықтық мәртебесі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің конституциялық-құқықтық мәртебесі. Қазақстан Республикасындағы конституциялық бақылау. Қазақстан Республикасындағы сот билігінің конституциялық негіздері. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқарудың конституциялық-құқықтық негіздері.		v	v									
	ҚР Азаматтық құқығы	Азаматтық құқық ұғымы. Азаматтық құқық көздері. Азаматтық құқықтық қатынастар. Азаматтық құқық субъектісі ретінде азаматтар. Заңды тұлғалар. Азаматтық құқық объектілері. Мәмілелер. Азаматтық құқықтағы мерзімдер. Азаматтық құқықтарды жүзеге асыру және қорғау. Заттық құқықтар. Меншік құқығының пайда болуы және тоқтатылуы. Меншік құқығын қорғау. Міндеттемелердің түсінігі және орындалуы. Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету және міндеттемені тоқтату. Азаматтық құқықтағы Шарттың түсінігі мен маңызы. Мүлікті меншікке беру жөніндегі міндеттемелер немесе өзге де заттық құқық. Мүлікті пайдалануға беру жөніндегі міндеттемелер. Жұмыстарды жүргізу бойынша міндеттемелер. Қызмет көрсету бойынша міндеттемелер. Бір жақты әрекеттерден міндеттемелер. Шарттан тыс міндеттемелер. Зияткерлік меншік құқығы. Мұрагерлік құқық.												
26	Академиялық ағылшын тілі	Академиялық ағылшын тілін оқу білім алушыларға академиялық тілді меңгеруге сауатты және саналы түрде қарауға мүмкіндік береді,бұл сөйлеу үлгісінде және коммуникация типтерінде жүзеге асырылатын (өз ойларын сауатты жазу, мәтіндерді талдау, эссе жазу, іскерлік құжаттама) қол жеткізілетін деңгейдің дескрипторларында көрсетіледі.	5	v					v			v		

Кәсіптік пәндер циклі ЖОО компоненті / таңдау компоненті														
27	Мемлекеттік қызметті ұйымдастыру	Мемлекеттік басқару принциптерінің мәні мен жіктелуі. Мемлекеттік органдардың негізгі жіктелуі. Мемлекеттік орган: құру тәртібі және құзыреті. Мемлекеттік қызметтің түсінігі мен ерекшеліктері. Қоғамдық еңбек бөлінісіндегі Мемлекеттік қызметтің рөлі мен орны. Мемлекеттік қызметтің ерекше белгілері. Мемлекеттік қызмет принциптері.	5			v	v							
	Мемлекеттік қызмет органдарындағы кадр саясаты	Әлеуметтік-құқықтық институт ретінде мемлекеттік қызмет жүйесінің теориялық негіздері мен саяси маңызы. Мемлекеттік қызмет жүйесі, оның түрлері, лауазымдары, өту тәртібі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кадр саясатының тұжырымдамалық негіздері, принциптері және механизмі. Кадрлық саясаттың адамгершілік негіздері. Мемлекеттік қызметшінің этикалық кодексі.				v	v	v						
28	Мемлекеттік бюджет	Мемлекеттік бюджеттің экономикалық мазмұны. Бюджет жүйесі. Бюджеттің жекелеген түрлерінің экономикалық мазмұны және сипаттамасы. Бюджетаралық қатынастар. Бюджетаралық қатынастарды реттеу саласындағы мемлекеттік басқару. Бюджеттің жекелеген түрлерінің экономикалық мазмұны және сипаттамасы. Бірыңғай бюджеттік сыныптама. Бюджетке түсетін түсімдердің экономикалық мазмұны. Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерге бюджет шығыстарын қалыптастырудағы мемлекеттің рөлі. Қорғанысқа, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке, соттар мен прокуратураға бюджет шығындарын қалыптастыру және басқару. Білім беру мен денсаулық сақтауға мемлекеттік бюджетті басқару. Экономикалық қызметтің жекелеген	5									v	v

		түрлеріне мемлекеттік бюджетті қалыптастыру және басқару. Әлеуметтік қамтамасыз етуге және әлеуметтік көмекке мемлекеттік бюджетті басқару.		v										v
	Жергілікті басқарудың экономикалық негіздері	Экономикалық басқарудың орталық және өңірлік органдары: жауапкершілікті бөлу және өзара іс-қимыл тетіктері. Жергілікті басқару органдары қызметінің материалдық-қаржылық негізі. Жергілікті басқарудың экономикалық механизмі. Жергілікті бюджеттердің кірістерін арттыру жолдары. Муниципалдық басқарудағы бюджетті қалыптастырудың және пайдаланудың шетелдік тәжірибесі.												
29	Әлеуметтік саланы мемлекеттік реттеу	Әлеуметтік саланың объективті қажеттілігі мен мәні. Әлеуметтік саланың негізгі ұғымдары және әлеуметтік-экономикалық процестерді басқару. Әлеуметтік саланы қаржыландырудың негіздері мен тетіктері. Әлеуметтік саланы реттеудің салалық ерекшеліктері. Әлеуметтік-экономикалық процестерді жоспарлау. Нарық жағдайында адами капиталды дамытудың әлеуметтік аспектілері. Әлеуметтік саланы дамытудың негізгі модельдері. Халықтың тұрмыс деңгейін болжау және мемлекеттік реттеу. Еңбек нарығын және халықты жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың аймақтық мәселелері. Әлеуметтік саланы дамытудың және жетілдірудің әлеуетті мүмкіндіктері. Нарықтық экономикасы дамыған елдерде әлеуметтік саланы реттеу.	5	v				v							v
	Әлеуметтік кәсіпкерлік	Әлеуметтік кәсіпкерліктің мәні мен миссиясы. Әлеуметтік кәсіпкерлік қызметінің негізгі салалары мен бағыттары. Әлеуметтік кәсіпкерліктің принциптері мен факторлары. Әлеуметтік маңызы бар салалардағы кәсіпкерлік қызметтің ерекшеліктері. Әлеуметтік		v						v				

		кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымы.												
30	Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін басқару	Қазіргі экономика және бәсекеге қабілеттілік. Бәсекелестік және бәсекеге қабілеттілік. Жаһандық бәсекеге қабілеттілік. Қазіргі жағдайда бәсекеге қабілеттілікті басқару мәселелері. Бәсекеге қабілеттілікті басқару. Мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын негізгі рейтингтер, олардың құрылымы, оларды анықтау әдістері. Бәсекелестік артықшылықтары. Бәсекеге қабілеттіліктің элементі ретінде оларды қалыптастырудың әдістері мен формалары. Өнеркәсіптің отандық және шетелдік салаларының бәсекеге қабілеттілігі. Ұлттық бәсекеге қабілеттілік. Өнеркәсіп саласының бәсекеге қабілеттілігі. Ұлттық бәсекеге қабілеттілік. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін бағалау принциптері. Бәсекеге қабілеттілікті басқару құралдары. Бәсекеге қабілеттілікті басқаруды талдау. Бәсекеге қабілеттілікті басқарудағы әсер ету тетіктері мен тетіктері.	5	v											v
	Мемлекет және бизнес	Курсты шет елдерде оқытудың бағдарламалық-әдістемелік аспектісі. Мемлекет және аралас экономиканың қалыптасуы. Экономиканы мемлекеттік басқару жүйесі және бюрократизм. Мемлекет нарықтық қатынастарды ынталандырудың субъектісі ретінде. Кәсіпкерлікті дамытудың экономикалық негіздері және оның түрлері. "Үкімет-Бизнес" қатынастарын реттеу және оның түрлі елдердегі тәжірибесі. Экономикалық өсу мәселелерін шешудегі және азаматтық қоғамның қалыптасуындағы мемлекеттің рөлі. Экономиканың түрлі секторларында бизнесті дамыту шарттары. Мемлекеттің бизнеспен өзара қарым-қатынасының құқықтық аспектісі.		v			v								
31	Стратегиялық	Ұлттық экономиканы басқарудың қазіргі	5				v	v							v

	жоспарлау және болжау	жүйесінің мазмұны мен функциялары. Стратегиялық жоспарлау жоспарлы қызметтің ерекше нысаны ретінде, мазмұны мен функциялары. Стратегиялық жоспарлаудың тұжырымдамалық моделі. Стратегиялық жоспарлау рәсімдері. Стратегиялық жоспарлаудың әдіснамалық тәсілдері, логикасы. Стратегиялық жоспарлау мен басқарудың шетелдік тәжірибесі. Стратегиялық жоспарлау мен басқаруды қалыптастырудың принципті схемасы. Стратегиялық жоспар көрсеткіштерінің құрылымы мен жүйесін әзірлеуге қағидаттық тәсілдер. Қазіргі жағдайдағы макроэкономикалық жоспарлаудың мазмұны мен функциялары. Ұлттық болжау: мемлекеттік стратегиялық жоспарды негіздеу процесіндегі мазмұны мен функциялары. Өңірлік дамуды стратегиялық жоспарлау. Өңірдің кешенді әлеуметтік – экономикалық даму Тұжырымдамасы. Стратегиялық менеджментті жүзеге асыру, стратегиялық басқару принциптері. Бәсекеге қабілеттілік стратегиясы.												
	Мемлекетті стратегиялық басқару	Стратегия ұғымы және оны әзірлеу ерекшеліктері. Миссияны және стратегиялық мақсаттарды қалыптастыру. Ортаны Стратегиялық талдау Шаруашылық жүргізудің стратегиялық аймақтарының тартымдылығын бағалау. Бәсекелестік артықшылықтарды талдау. Қалалар мен аймақтардың бәсекелестік стратегиясы. Аумақты дамытудың функционалдық стратегиясы. Стратегиялық жоспарлау модельдері. Аумақты дамыту стратегиясын іске асыру. Аумақтың дамуын стратегиялық бақылау. Стратегиялық серіктестік және оның территорияны дамытудағы рөлі. Бизнес интеграциясы және стратегиялық альянстар.					v	v						v
32	Мемлекеттік	Мемлекеттік менеджмент: негізгі ұғымдар.	5				v	v						v

	менеджмент	Мемлекеттік менеджмент тұжырымдамасының контекстінде басқарушылық шешімдерді қабылдау және іске асыру әдістері. Мемлекеттік және жергілікті басқару ұйымдары мен органдарының жұмыс істеуіне экономикалық ортаның әсерін бағалау. Стратегиялық жобалау: негізгі ұғымдар мен технологиялар. Ұйымдастыру теориясы және ұйымдастыру жобалау технологиясы.												
	Жергілікті басқару және өзін-өзі басқару	Мемлекеттік басқарудың аумақтық деңгейлері. Тарихи аспект мемлекеттік және жергілікті құрылыс. Жергілікті көпшілік билік және жергілікті өзін-өзі басқару. Жергілікті басқарудағы және өзін-өзі басқарудағы өкілеттілік пен құзыреттілік пәндері. Жергілікті өзін-өзі басқарудағы тікелей Демократия институттары. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен лауазымды адамдары. Жергілікті мемлекеттік басқарудағы жауапкершілік.		v			v							
33	Бағдарламаларды басқару	Бағдарламаның көрсеткіштері, мақсаттары мен міндеттері. Бағдарламаның Тиімділік көрсеткіштері. Мемлекеттік және жергілікті деңгейдегі Бағдарламаны әзірлеу тәртібі. Бағдарламаны басқару процесі. Мақсатты мемлекеттік бағдарламаны іске асыру тиімділігіне мониторинг жүргізу және бағалау әдістемесі.	5				v	v				v		v
	Жобаларды басқару	Жобаларды басқару саласындағы негізгі ұғымдар. Жобаның сыртқы және ішкі ортасы. Жобаның өмірлік циклі. Жобаны басқару процестерінің негізгі топтары. Жүйелік тәсіл шеңберінде жобаны басқарудың негізгі кіші жүйелері. Жобалық қызметті бағдарламалық қамтамасыз ету. Жобаларды басқару кезінде MS Project қолдану.					v	v				v		v
34	Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі	Қауіпсіздік теориясының негізгі ережелері: терминдер мен анықтамалар. Геоэкономика-әлемдік дамудың негізгі векторы.	5	v			v							v

		Экономикалық қауіпсіздіктің түрлері мен объектілері. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік жүйесіндегі экономикалық қауіпсіздіктің рөлі мен орны. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мәні, стратегиялық мақсаттары мен міндеттері. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмдері және бағалау әдістері. Қазақстанның экономика саласындағы ұлттық мүдделері. ҚР ұлттық қауіпсіздігіне заманауи қауіп-қатерлер. Қазіргі экономикалық даму және ҚР экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.												
	Сити менеджмент	Сити менеджментіне кіріспе. Қала сити менеджментінің әлеуметтік-экономикалық негізі ретінде. Сити менеджменттегі жоспарлау. Сити менеджменттегі жұмысты ұйымдастыру. Қалалық басқару органдарындағы коммуникациялық процестер. Әкімшіліктегі құжат айналымы. Сити менеджменттегі мотивация ерекшелігі. Қала әкімшілігіндегі ұйымдастыру мәдениеті. Сити менеджментте шешімдер қабылдау. Сити менеджментінің тиімділігі.				v	v							
35	Research Paper	Пән оқу процесінде ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Ғылыми зерттеу тақырыбын таңдау. Әр түрлі зерттеулердегі тақырыптардың өзектілігі мен даму дәрежесін негіздеу. Зерттеу тақырыбы мен міндеттерін тұжырымдау. Зерттеу объектісі мен пәнін анықтау. Дипломдық жоба тақырыбы бойынша библиографиялық дереккөздерді жинау. Дипломдық жоба тақырыбы бойынша ғылыми зерттеудің теориялық базасын әзірлеу. Тақырыпты талдаудың ғылыми әдістерін таңдау. Жүргізілген зерттеу бойынша қорытындылар мен ұсынымдарды тұжырымдау	8	v	v	v	v	v	v	v	v	v	v	v	v
36	Comprehensive exam preparation	Comprehensive exam preparation бұрын алған білімдерін тереңдетеді және жинақтайды, оқу материалын логикалық жүйелейді,	8	v	v	v	v	v	v	v	v	v	v	v	v

		студенттердің негізгі мәселелерді және тәжірибеге бағытталған тапсырмаларды/тапсырмаларды/кейстерді қарау арқылы проблеманы тұтас жүйелік көру тәжірибесін алуына ықпал етеді. Comprehensive exam preparation құрамында бейіндік пәндерге шолу, тиісті әдебиеттерді, емтихан сұрақтары блогын қарау, болашақ кәсіби қызметтің негізгі құзыреттері бойынша алған білімдерін ретке келтіру және түсіну бар.													

4. ТҮЛЕК МОДЕЛІ

"Мемлекеттік және жергілікті басқару" білім беру бағдарламасы түлектерінің үлгісі»
Негізгі білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижелері
Түлектер келесі құзыреттерді иелену керек:

1) *тілдік-базалық құзыреттер* - тиімді қарым-қатынас жасау қабілеті, этика негіздерін, орнықты даму мен әлеуметтік жауапкершілікті түсіну, азаматтық және белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру, сондай-ақ мәдениетаралық өзара іс-қимыл мен кәсіби даму;

2) *пәнаралық құзыреттер* - ғылымның әртүрлі салаларындағы білімдерді, Дағдылар мен тәсілдерді интеграциялау мүмкіндігін қамтамасыз ету, талдамалық және сыни ойлауды дамыту, кәсіби қызметке кешенді және орнықты көзқарасты қалыптастыру;

3) *Кәсіпкерлік құзыреттер* - түлектерді табысты бизнес-құрылымдарды құруға және басқаруға, инновациялық идеяларды әзірлеуге және кәсіпкерлік қызметті іске асыруға дайындау;

4) *ақпараттық-технологиялық құзыреттер* - ақпаратты верификациялауды және құрылымдауды жүзеге асыру, әртүрлі зерттеу және әкімшілік міндеттерді шешу үшін ақпараттық технологияларды пайдалану, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және талдау мен синтез негізінде сындарлы шешім қабылдау қабілеті;

5) *кәсіптік құзыреттер* – бітірушінің кәсіптік міндеттерді шешуге, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға және тиімді мемлекеттік басқаруды дамытуға елеулі үлес қосуға қабілеттілігі.

«Менеджмент» кафедра мәжілісінде талқыланды және ұсынылды, № 8 хаттама «18» 03 2025ж.

Кафедра меңгерушісі _____ **Байгиреева Ж.З.**

Бизнес факультеті кеңесінің мәжілісінде талқыланды және ұсынылды, № 9 хаттама, «15» 04 2025ж.

Бизнес факультетінің деканы_____ **Алина Г.Б.**

ҒӘК мәжілісінде талқыланды және ұсынылды, № 9 хаттама, «17» 04 2025ж.

Университеттің ҒӘК төрағасы _____ **Мақыш С.Б.**